

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті
түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторанты
Избасарова Эльвира Иманалиевнаың «6D021300-Лингвистика»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындаған «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы»
атты диссертациялық жұмысына

ІШКІР

Адам – қазіргі ғылымда белгілі жүйелердің ішіндегі ең күрделісі. Оның өмір сүруі әлеуметтік, табиғи және биологиялық заңдылықтарға толық сәйкес келмейді. «Адам» жүйесінің күрделілігі оны философиялық, психологиялық, педагогикалық, этикалық, эстетикалық және мәдени тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты гуманитарлық білімді тек әлеуметтік және мәдениеттану ғылымдарымен ғана емес, жаратылыстану ғылымдарымен де ұштастыра отырып зерттеу қажеттілігі туындайды. Ғылымдағы жаңа бағыттардың дамуы танымдық іс-әрекеттің барлық саласына, соның ішінде тіл білімінде антропоцентрилік бағыттың қалыптасуына ықпал етті.

Соңғы ширек ғасырда «тілдік тұлға» ұғымы филологияда негізгі жүйе құраушы терминге айналды. Қазіргі зерттеушілер бұл ұғымды интегративті деп бағалап, оны антропоцентристік лингвистиканың қалыптасуымен байланыстырады. Тілдегі адам факторы мәселесі лингвистиканың әдіснамалық негізінің өзгеруіне әсер етіп, тілді өз ішінде ғана емес, антропологиялық тұрғыдан қарастыруға жол ашты. Бұл өзгеріс адамның психикалық ерекшеліктері, әлеуметтік өмірі мен мәдени қызметі арқылы тіл феноменін зерттеуге негіз болды.

Тілдік тұлғаның маңызды сипаттарының бірі – оның белгілі бір тілдік (ұлттық) және сөйлеу (үлгішілік) мәдениетіне жататынын мойындау. Әдеби тіл аясында ұлттық сөз мәдениетінің ең жоғары деңгейі – элиталық сөйлеу мәдениеті. Ол нағыз қазақ сөйлеу мәдениетінің үлгісі болып саналады. Сондықтан «элиталық сөйлеу мәдениеті иесінің тілдік тұлғасы» мәселесі зерттеушілер назарынан тыс қалмауы тиіс. Бұл мәселе философия, әлеуметтану, психология және тіл білімі сияқты адамтану ғылымдарының шоғырлануымен, сондай-ақ лингвистикалық пәндердің өзара байланысымен ерекшеленеді. Олардың қатарына жұмсалымдық стилистика, прагматика, когнитивтік лингвистика, лингводидактика, мәтін лингвистикасы және сөйлеу мәдениеті теориялары жатады.

Элиталық сөйлеу мәдениетінің көрнекті иелерінің бірі – қазақ ғылымының негізін салған ұлы ғалым, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Оның ғылыми мұрасын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу бірнеше маңызды

шешуге көмектеседі. Біріншіден, ғалымның тілдік тұлғасының ерекшеліктерін анықтауға; екіншіден, оның ғылыми мәтіндеріндегі даралық стилін сипаттаумен қатар, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының сөз қолданысындағы ортақ белгілерді айқындауға; үшіншіден, басқа да элитарлы тілдік тұлғалардың идиостилін зерттеуге қатысты өлшемдерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Э. Избасарованың диссертациялық жұмысында ғалымның тілдік тұлғасы кең ауқымды әлеуметтік-мәдени және танымдық мәнмәтінде қарастырылады. Ш. Уәлихановтың коммуникативтік мінез-құлқы мен дискурсивті тәжірибесі әртүрлі ғылыми парадигмалардың өзара әрекеттесуіне негізделген кешенді зерттеу нысаны ретінде бұрын қарастырылмаған. Тіпті осы уақытқа дейін оның тілдік тұлғасы жеке лингвистикалық категория ретінде жүйелі зерттелмеген. XIX ғасырдағы қазақ мәдениетінің маңызды кезеңін сипаттау үшін Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде жан-жақты зерделеу қажет деп есептейміз.

Ізденуші Э. Избасарованың «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» атты диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселеге арналған. Докторант өз зерттеуінде Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын антропоөзектік парадигма тұрғысынан талдауға тырысқан. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары когнитивтік лингвистика саласындағы жетекші ғалымдардың пікірлеріне негізделген және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертацияда алынған жаңалықтар негізді әрі дәлелді, тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми қағидаларға сәйкес жасалған. Қазақ тіл білімінде арнайы зерттелмеген күрделі де тың тақырыпты қарастыру барысында зерттеуші жаңа көзқарас ұсынып, маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Жұмыстың құрылымы ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сай: кіріспеден, үш тараудан, қорытынды бөлімнен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Избасарова Эльвира Иманалиевнаның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» атты диссертациялық жұмысы осы дәрежені алуға қойылатын талаптарға толық жауап береді деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші:

Халықаралық білім беру

корпорациясының профессоры,

филология ғылымдарының докторы

Сүйеркүл Б.М.

Подпись _____
заверяю
HR департамент
«14» 03 20 25

